

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ
БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАР МЕН
ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ КӘСІБИ-
ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

есту қабілеті бұзылған балаларды инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын
арнайы және жалпы білім беретін ұйымдардың, сондай-ақ ОО, ПМПК және
ППТК сурдопедагогтарына арналған

**«Есту қабілеті бұзылған балаларға түзету-педагогикалық көмек
көрсететін сурдопедагогтың жұмысына арналған заманауи технологиялар
мен әдістемелер»**

педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру
бағдарламасы

АЛМАТЫ 2026

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарламаның тақырыптары.....	6
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....	8
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	9
6. Оқу үдерісін ұйымдастыру.....	12
7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі.....	13
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау.....	14
9. Курстан кейінгі қолдау.....	15
10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	16

1. Жалпы ережелер

1. «Есту қабілеті бұзылған балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсететін сурдопедагогтың жұмысына арналған заманауи технологиялар мен әдістемелер» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) есту қабілеті бұзылған балаларды инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын арнайы және жалпы білім беретін ұйымдардың сурдопедагогтарына, сондай-ақ ОО, ПМПК және ППТК мамандарына арналған.

1.2. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы халықаралық стандарттарға сәйкес барлық балалардың психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы білім алуға тең құқықтарын қамтамасыз етеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға, оның ішінде есту қабілеті бұзылған білім алушыларға ерекше назар аударылады.

1.3. Сурдопедагогика ғылыми пән ретінде есту қабілеті бұзылған балалардағы сенсорлық тапшылықтың орнын толтыруға бағытталған оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бағытында дамып келеді. Негізгі міндет – мұндай балаларды әлеуметтендірудің тиімді тәсілдерін қалыптастыру, бұл олардың академиялық білім алуын, дербестігін, бағдарлану дағдыларын дамытуды және қоғамға табысты кірігуге даярлауды қамтиды.

1.4. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы заманауи технологиялар бейімделген білім беру әдістемелерін, цифрлық құралдарды және арнайы техникалық құралдарды пайдалануды қамтиды. Бұл ақпаратты қабылдауды жақсартуға, оқу материалының қолжетімділік деңгейін арттыруға және балалардың есту, сөйлеу, когнитивтік, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

1.5. Біліктілікті арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі арнайы және жалпы білім беру ұйымдарында, есту қабілеті бұзылған балаларды интеграцияланған және инклюзивті тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларын жүзеге асыратын түрлі ұйымдарда қызмет ететін сурдопедагогтардың кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптардың артуымен айқындалады. Аталған курстар баланы дамыту орталықтары, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдау орталықтары, денсаулық сақтау ұйымдарында, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде жұмыс істейтін мамандарға арналған. Қазіргі заманғы білім беру технологияларын енгізу, түзете-дамыту жұмыстарының әдістерін жетілдіру және есту қабілеті бұзылған балаларды әлеуметтендіру тәсілдерін дамыту осы санаттағы балалармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби тұрғыда үздіксіз дамуын талап етеді.

1.6. Бағдарлама түзету педагогикасы саласындағы заманауи үрдістерді, сондай-ақ әртүрлі білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының білім беру қызметін талдау барысында айқындалған педагогтардың практикалық қажеттіліктерін ескере отырып әзірленді. Курстар есту қабілеті бұзылған

балаларды оқыту, әлеуметтендіру және сүйемелдеу әдістемесі саласында педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған.

2. Глоссарий

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
Бейімделген оқу бағдарламасы	білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде әзірленген оқу бағдарламасы.
Есту функциясының бұзылыстары бар балалар	есту талдағышының функционалдық тұрғыдан жеткіліксіз қалыптасуы немесе уақытша дисфункциясына байланысты есту арқылы қабылдауы және дыбыстық ақпаратты өңдеуінде бұзылыстары бар, айқын органикалық зақымданулар анықталмаған балалар. Мұндай бұзылыстар сөйлеу тілінің дамуына, танымдық қызметке және оқу үдерісіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.
Педагогикалық диагноз	баланың психикалық және сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін сипаттайтын анықтама, ол органикалық есту қабілеті толық сақталмаған жағдайда, кохлеарлық имплантация (КИ) жүйесін және есту аппаратын (ЕА) қолдану аясында есту арқылы қабылдауының, фонематикалық есту мен есту-сөйлеу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуын көрсетеді. Бұл жағдай ерекше білім беру қажеттіліктерін және түзете-дамыту көмегінің қажеттілігін айқындайды.
Оқыту мен білім берудегі саралау	1) мазмұнды, формаларды, әдістерді, оқу қарқыны мен білім көлемін іріктеу арқылы ерте жастағы, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың оқу қызметін ұйымдастыру, соның нәтижесінде әрбір баланың білімді меңгеруіне оңтайлы жағдай жасау; 2) органикалық есту қабілеті толық сақталмаған, КИ және ЕА қолданылатын жағдайда есту арқылы қабылдау және есту-сөйлеу өңдеудің қалыптасу деңгейін ескере отырып, мазмұнның, білім беру жүйесінің әдістер мен оқытуды ұйымдастыру формаларының вариативтілігін көздейтін, әртүрлі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ұстанымы. Бұл білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, дамуды оңтайландыруға және екіншілік бұзылыстардың алдын алуға бағытталады.

Жеке дамытушы бағдарлама	тәрбиеленушіге көрсетілетін педагогикалық көмектің негізгі бағыттары мен мазмұнын айқындайтын бағдарлама: әдістері, тәсілдері және технологиялары
Оқытуды жекешелендіру (ОЖ)	білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқу үдерісін ұйымдастыру; әрбір оқушының әлеуеттік мүмкіндіктеріне қарай оңтайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Оқытуды жекешелендіру ұжымдық оқу жұмысы жағдайындағы ортақ оқу мақсаттары мен мазмұны аясында жүзеге асырылады
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар)	даму ерекшеліктеріне, мінез-құлықтық және эмоциялық қиындықтарға, сондай-ақ әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және мәдени орта факторларына байланысты тиісті деңгейдегі білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болатын адамдар (балалар)
Есту қабілеті бұзылған балалар	есту талдағышының туа біткен немесе жүре пайда болған зақымдануының салдарынан дыбыстық ақпаратты қабылдау қабілетінің ішінара немесе толық жоғалуымен сипатталатын, бұл жағдай сөйлеу тілінің дамуына, танымдық қызметіне және оқу үдерісіне елеулі әсер еткен балалар.
Ерекше білім беру қажеттіліктері	сапалы білім алудың оқу-дамыту үдерісіне қажетті көмек пен қызметтерге деген сұраныс.
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау	білім алуға қажетті арнайы жағдайларды айқындау
Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК)	ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау мақсатында туғаннан 18 жасқа дейінгі балаларға психологиялық-педагогикалық тексеру жүргізетін арнайы білім беру ұйымы. ПМПК жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдарында осы қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша ұсынымдар әзірлейді, сондай-ақ ата-аналарға (отбасы мүшелеріне), мұғалімдерге, тәрбиешілерге, мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарының мамандарына кеңес береді.
Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын, педагогтер мен мамандардың жүйелі түрде ұйымдастырылған

	қызметі.
Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар)	туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан туындаған, белгіленген тәртіппен расталған физикалық және (немесе) психикалық кемістіктері бар, тіршілік әрекетінің шектелуі байқалатын он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).
Арнайы білім беру ұйымдары	мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген арнайы білім беру оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдар
Білім алуға арналған арнайы жағдайлар	ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың (балалардың) жалпы білім беру оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруін қамтамасыз ету үшін қажетті оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтерді қамтитын жағдайлар.

Терминдердің өзектілігі арнайы білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкестігімен айқындалады.

3. Бағдарламаның тақырыптары

2. «Есту қабілеті бұзылған балаларға түзете-педагогикалық көмек көрсетуде сурдопедагогтің жұмысының заманауи технологиялары мен әдістемелері» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының заманауи талаптарын, сурдопедагогика саласындағы өзекті ғылыми тәсілдерді және педагог қызметкерлердің кәсіби қажеттіліктерін ескере отырып әзірленді.

Бағдарлама арнайы білім беру ұйымдарында, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарында, сондай-ақ оңалту орталықтарында, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда және психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде есту қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын сурдопедагогтердің кәсіби құзыреттерін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарламаның жаңашылдығы есту қабілеті бұзылған балаларға түзете-педагогикалық көмек көрсетудің заманауи технологияларын, қазіргі сурдотехникалық құралдарды, цифрлық білім беру ресурстарын, оқытуды дараландыру әдістерін, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын және отбасына бағдарланған тәсілді кешенді түрде біріктіруінде. Дәстүрлі біліктілікті арттыру бағдарламаларынан айырмашылығы,

бұл бағдарлама теориялық білімді жаңартумен ғана шектелмей, арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында тиімді жұмыс істеуге қажетті сурдопедагогтің практикалық кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының педагогтердің қосымша білім беру жүйесінде іске асырылып жатқан қолданыстағы біліктілікті арттыру бағдарламаларын талдау олардың басым бөлігінің арнайы педагогика немесе инклюзивті білім берудің жекелеген мәселелерін ғана қарастыратынын, ал есту қабілеті бұзылған балаларға түзете-педагогикалық көмек көрсетудің заманауи технологиялары мен әдістемелерін кешенді зерделеуді толық қамтамасыз етпейтінін көрсетті. Осы бағдарлама сурдопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және практикалық аспектілерін біріктіру арқылы аталған олқылықтың орнын толтырады.

Бағдарламаның маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның практикалық бағыттылығы. Бағдарламада заманауи білім беру технологияларын қолдануға, оқытудың цифрлық және техникалық құралдарын тиімді пайдалануға, дараландырылған білім беру процесін ұйымдастыруға, білім алушылардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға, сондай-ақ педагогтердің, ата-аналардың және пәнаралық команда мамандарының өзара тиімді ынтымақтастығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады.

5. Бағдарлама мазмұнында төмендегі тақырыптар қамтылады:

1-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған білім беру үдерісін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері.

2-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы (есту қабілеті бұзылған балалар).

3-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балалардың есту функцияларын жіктеу. Оқу үдерісінде білім алушылардың есту мүмкіндіктерін ескеру.

4-тақырып. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін диагностикалау және бағалау әдістері.

5-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы жеке бағдарланған технологиялар.

6-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы денсаулық сақтаушы технологиялар. Арнайы білім берудегі заманауи сурдотехнологиялар.

7-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудың жаңа технологиялары мен стратегиялары.

8-тақырып. Арнайы білім беру жағдайында есту қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері.

9-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы отбасына бағдарланған тәсіл. Білім беру үдерісінде педагогтердің, ата-аналардың және мамандардың өзара әрекеттестігі.

10-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы интерактивті технологиялар мен цифрлық ресурстар.

11-тақырып. Білім беру үдерісінің тиімділігін бағалау және білім алушылардың жетістіктерін мониторингтеу.

12-тақырып. Есту қабілеті бұзылған білім алушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері. Сабақтан тыс және әлеуметтік-бейімдеу қызметін ұйымдастыру.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

6. Бағдарламаның мақсаты – арнайы және жалпы білім беру ұйымдары жағдайында есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен әлеуметтендіруге бағытталған білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін тыңдаушыларға қажетті білімді меңгерту, білік және дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1) Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес есту қабілеті бұзылған балаларға арналған білім беру үдерісін ұйымдастырудың өзекті тәсілдерімен тыңдаушыларды таныстыру;

2) есту қабілеті бұзылған балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерін және олардың оқу үдерісі мен әлеуметтенуіне ықпалын ашып көрсету;

3) есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудың заманауи технологиялары мен әдістері туралы, олардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, түсінік қалыптастыру;

4) білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, бейімделген оқу бағдарламаларын жоспарлау және іске асыру бойынша тыңдаушылардың практикалық дағдыларын дамыту;

5) жеке бағдарланған оқытуға негізделген педагогикалық технологиялармен, сурдопедагогикалық технологияларды және цифрлық ресурстарды білім беру үдерісінде қолдану жолдарымен таныстыру;

6) есту қабілеті бұзылған балаларды әлеуметтендірудің тиімді стратегияларын, оның ішінде есту қабылдауын, сөйлеу мен коммуникативтік дағдыларды, дербестікті және қоғамда әлеуметтенуді дамыту тәсілдерін қолдануға үйрету;

7) оңтайлы оқу жағдайларын қалыптастыру мақсатында педагогтер, ата-аналар және мамандар арасындағы пәнаралық өзара әрекеттестік дағдыларын тыңдаушыларда қалыптастыру;

8) есту қабілеті бұзылған білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу және бағалау технологияларын меңгерту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері. Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1) қолданыстағы нормативтік құжаттарға сүйене отырып, есту қабілеті бұзылған балаларға арналған білім беру үдерісін ұйымдастырудың негізгі ерекшеліктерін айқындай алады;

2) есту қабілеті бұзылған балалардың психофизикалық

сипаттамаларын біледі және оларды білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру барысында ескереді;

3) оқу үдерісінде заманауи технологиялар мен арнайы сурдопедагогикалық құралдарды қолдану әдістемелерін меңгереді;

4) жеке бағдарланған тәсіл технологияларын, оқу материалдарын бейімдеу және қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру әдістерін тиімді қолданады;

5) есту қабілеті бұзылған балалардың есту қабылдауын, сөйлеуін, коммуникативтік дағдыларын және қоғамда әлеуметтік бейімделуін қалыптастырып, дамыта алады;

6) білім алушыларды кешенді қолдау мақсатында педагогтер, ата-аналар және мамандар арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастырады;

7) білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізіп, бағалай алады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

7. Бағдарлама бес модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық және вариативтік модульдер.

Әрбір модуль есту қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін педагогтердің негізгі құзыреттерін дамытуға бағытталған.

8. Нормативтік-құқықтық модуль

1-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған білім беру үдерісін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері.

Тақырып аясында арнайы білім беру саласын реттейтін Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері, соның ішінде: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы, «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» Заңы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары, «Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидалары», «Кохлеарлық имплантация» клиникалық хаттамасы қарастырылады.

Тақырыпты меңгеру барысында инклюзивті білім беруді құқықтық реттеу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға білім беру қызметтерінің тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылады.

9. Психологиялық-педагогикалық модуль

2-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы – есту қабілеті бұзылған балалар.

Тақырып шеңберінде есту қабілеті бұзылған балалардың сенсорлық, когнитивтік, эмоциялық және тұлғалық ерекшеліктері қарастырылады. Есту

қабілетінің әртүрлі деңгейде төмендеуі бар балалардың есту қабылдауы, сөйлеуді және дыбыстық ақпаратты қабылдауы, есту жадын және зейін механизмдері талданады. Ақпаратты есту арқылы қабылдауды қалыптастыру, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту, оқытудың арнайы әдістері, есту-сөйлеу реабилитациясы және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған бейімделген білім беру технологияларын қолдану мәселелері қозғалады.

3-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балалардың есту функцияларын жіктеу. Оқу үдерісінде білім алушылардың есту мүмкіндіктерін ескеру.

Тақырып есту қабілеті бұзылған балалардың есту функцияларын ашып көрсетеді және оларды естудің сақталу деңгейі мен дыбыстарды қабылдау қабілеттеріне қарай жіктеуді қамтиды:

1) Есту сезімталдығының деңгейі бойынша (аудиометриялық көрсеткіштерге сәйкес): естудің жеңіл дәрежеде төмендеуі, орташа, айқын, өте ауыр дәрежеде төмендеуі (саңыраулық);

2) Естудің функционалдық типі бойынша: көмекші құралдарды қолданбай сөйлеуді қабылдау; есту аппараттары немесе кохлеарлық импланттарды пайдалану арқылы сөйлеуді қабылдау; сөйлеуді шектеулі деңгейде, негізінен визуалдық арналар арқылы (ерін қимылын оқу, ым-ишара тілі) қабылдау;

3) Есту арқылы өңдеу деңгейлері бойынша: дыбыстарды (фонемаларды, интонацияларды) ажырату, сөйлеуді түсіну және интерпретациялау, есту жадын және зейінді дамыту.

4) Есту функциясының бұзылу дәрежесіне қарай есту қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдері қарастырылады, бұл арнайы және жалпы білім беретін мектептерде оқытудың сараланған формаларын қолдануды көздейді.

4-тақырып. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін диагностикалау және бағалау әдістері.

Бұл тақырып білім алушылардың даму деңгейін бағалауға арналған диагностикалық әдістемелерді зерделеуді, психологиялық-педагогикалық тексерудің ерекшеліктерін, оқу жетістіктерін талдауды және ұсынымдар әзірлеуді қамтиды. Командалық бағалау әдістері, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациямен (ПМПК) өзара әрекеттестік, сондай-ақ мониторингтің заманауи құралдарын қолдану қарастырылады.

10. Мазмұндық модуль

5-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы жеке бағдарланған технологиялар.

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған бейімделген оқу бағдарламаларын қолдану мәселелері қарастырылады. Тақырып білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне бейімделген оқу бағдарламаларын талдауды, оқу материалдарын модификациялау қағидаттарын, сондай-ақ есту қабілетінің бұзылу типі мен дәрежесіне қарай оқыту әдістерін түзетуді қамтиды.

6-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы денсаулық сақтаушы технологиялар. Арнайы және жалпы білім берудегі заманауи сурдопедагогикалық технологиялар.

Денсаулық сақтаушы технологиялар және білім беру ортасын ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Есту гигиенасы, оқу кеңістігінің эргономикасы, жұмыс орнын ұйымдастыру аспектілері зерделенеді.

Оқытудың заманауи әдістері және оқу материалдарын бейімдеу жолдары талданады. Есту қабілеті бұзылған білім алушылардың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген әдістемелер, оқу дағдыларын қалыптастыру технологиялары, когнитивтік функцияларды жетілдіру тәсілдері қарастырылады.

7-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудың жаңа технологиялары мен стратегиялары: кохлеарлық импланттар (КИ) мен есту аппараттарын (ЕА) қолдана отырып жүргізілетін есту-сөйлеу реабилитациясы, компьютерлік және мультимедиялық технологиялар, визуалдық және ым-ишара арқылы қарым-қатынас құралдары.

Есту қабілеті бұзылған баланы оқыту стратегиялары: сараланған тәсіл, мультимодальды оқыту, мамандардың қолдауымен ұйымдастырылатын жеке және топтық сабақтар, жобалық және практикалық қызмет.

8-тақырып. Арнайы және жалпы білім беру жағдайында есту қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері.

Тақырыпта есту қабілеті бұзылған білім алушылардың санаттары, олардың негізгі білім беру қажеттіліктері, оқу қызметінің ерекшеліктері және жеке оқыту жағдайларын құрудың маңыздылығы қарастырылады. Нашар еститін және естімейтін балаларды қолдау стратегиялары, бейімделген әдістемелерді әзірлеу және арнайы педагогикалық тәсілдерді ұйымдастыру, оқу материалдарын бейімдеу, сараланған оқыту технологиялары талданады.

11. Технологиялық модуль

10-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы интерактивті технологиялар мен цифрлық ресурстар.

Білім беру қызметінде сурдотехнологиялар мен цифрлық құралдарды қолдану мәселелері қарастырылады. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуда пайдаланылатын заманауи техникалық құралдар: арнайы құрылғылар, компьютерлік бағдарламалар мен мобильді қосымшалар талданады.

11-тақырып. Білім беру үдерісінің тиімділігін бағалау және білім алушылардың жетістіктеріне мониторинг жүргізу.

Педагогикалық диагностика әдістері, білім беру нәтижелерін өлшеу құралдары, сондай-ақ есту қабілеті бұзылған білім алушылардың оқу үлгерімін арттыруға бағытталған жеке стратегияларды әзірлеу мәселелері қарастырылады.

12. Вариативтік модуль

9-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы отбасына бағдарланған тәсіл. Білім беру үдерісінде педагогтердің, ата-

аналардың және мамандардың өзара әрекеттестігі.

Ата-аналармен конструктивті өзара әрекеттесу моделін құру және іске асыру қарастырылады. Бұл модель аясында ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеу мен кіріктіруде отбасыларға қолдау көрсету жүзеге асырылады.

Білім беру үдерісінде педагогтердің, ата-аналардың және мамандардың өзара әрекеттестігі мәселелері қамтылады. Арнайы және жалпы білім беру жағдайында мамандар арасындағы өзара іс-қимыл тетіктері, әлеуметтік бейімдеу саласындағы мамандармен байланыс және баланы оқыту үдерісінде сүйемелдеу стратегиялары жан-жақты талданады.

12-тақырып. Есту қабілеті бұзылған білім алушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері. Сабақтан тыс және әлеуметтік-бейімдеу қызметін ұйымдастыру.

Есту қабілеті бұзылған балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жүйесі және арнайы әрі жалпы білім беру жағдайында түзету жұмысының тиімді құралдары қарастырылады.

Білім алушыларды әлеуметтік және мәдени іс-шараларға тарту қағидаттары, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру стратегиялары, олардың қоғамға табысты кірігуіне ықпал ететін әдістер зерделенеді.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

13. Курстық оқытудың ұзақтығы Бағдарлама тақырыптамасына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды. Оқыту тыңдаушылардың теориялық және практикалық даярлығын қамтиды, бұл жаңа білімді тиімді меңгеруге және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

14. Оқыту екі форматта жүзеге асырылады:

Күндізгі оқыту форматы – сабақтар аудиторияларда мультимедиялық құралдарды қолдана отырып, сурдотехникалық жабдықтарды көрсету және арнайы әрі жалпы білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау мекемелері, сурдотехникалық құралдарға (КИ, ЕА) қызмет көрсететін сервистік орталықтар базасында практикалық сабақтар өткізу арқылы ұйымдастырылады.

Қашықтан оқыту форматы – цифрлық білім беру платформаларын, бейнедәрістерді, вебинарларды және интерактивті онлайн-сессияларды пайдалану арқылы іске асырылады.

15. Білім беру үдерісі төмендегі белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы ұйымдастырылады:

- арнайы білім беру саласындағы өзекті мәселелер талқыланатын дәрістер;
- қатысушылар нақты педагогикалық кейстер мен нормативтік-құқықтық құжаттарды талдайтын семинарлар мен дөңгелек үстелдер;
- педагогикалық міндеттерді шешу және бейімделген оқу бағдарламаларын әзірлеу мақсатында топтық және жұптық практикалық жұмыстар;
- педагогтер, мамандар және ата-аналар арасындағы пәнаралық өзара

әрекеттестік дағдыларын дамытуға арналған тренингтер;

- арнайы білім беру және сурдопедагогика саласындағы жетекші мамандардың шеберлік сыныптары;
- есту қабілеті бұзылған балалармен жұмыс барысында туындайтын педагогикалық жағдаяттарды талдауға және шешуге мүмкіндік беретін кейс әдісі;
- білім беру маршруттарын бірлесіп жобалау және түзету сабақтарын модельдеу сияқты интерактивті әдістер.

16. Педагогтердің Бағдарлама мазмұнын терең түсіну деңгейін арттыру мақсатында төмендегілер қарастырылған:

- шағын топтарда жұмыс істеу және нәтижелерін кейінгі талқылау;
- есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуды ұйымдастыруға қатысты білім беру құжаттамасын талдау;
- арнайы білім беру теориясы мен практикасының негізгі мәселелері бойынша пікірталастар;
- арнайы және жалпы білім беретін мектептерде, сурдологиялық кабинеттерде және инклюзивті білім беру орталықтарында көшпелі практикалық сабақтар өткізу;
- жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша педагогтердің командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған тренингтер.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

17. Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені төмендегілерді қамтиды:

- 1) тақырыптар тізбесін, оқу жоспарларын және ұсынылатын әдебиеттерді қамтитын педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) курстың негізгі тақырыптары бойынша мультимедиялық таныстырылымдар мен бейнематериалдар, оның ішінде сурдотехникалық құралдарды қолдануды көрсету материалдары;
- 3) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау үдерісін талдауға арналған таратпа материалдар, тест үлгілері, диагностикалық карталар және бағалау әдістемелері;
- 4) үлгілік оқу бағдарламасын бейімдеу және есту қабілеті бұзылған білім алушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құрастыру жөніндегі иллюстрацияланған оқу құралдары;
- 5) сурдопедагог пен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының құжаттама үлгілері, оның ішінде жеке білім беру маршрутының нысандары, түзету жұмысының жоспарлары, ата-аналармен өзара әрекеттесу жөніндегі ұсынымдар;
- 6) курстың тиімділігін бағалауға арналған кері байланыс парақтары, сондай-ақ тыңдаушылардың бақылау және өзіндік жұмыстарын орындауға арналған материалдар.

Барлық оқу-әдістемелік материалдар арнайы білім беру саласындағы

заманауи талаптарға сәйкес бейімделген және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарын ескере отырып әзірленген.

Курс аясында теориялық мәселелерді өздігінен зерделеу, тапсырмаларды орындау және тыңдаушыларға консультациялық қолдау көрсету мақсатында электрондық білім беру ресурстары мен мамандандырылған цифрлық платформаларды пайдалану көзделген.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

18. Курс аясында тыңдаушылардың білімін бағалау және дағдыларының қалыптасуын бақылау мақсатында теориялық материалды меңгеру деңгейін және практикалық құзыреттердің қалыптасуын талдауға бағытталған әртүрлі бағалау әдістері қолданылады.

Оқу үдерісінде бақылаудың төмендегі түрлері жүзеге асырылады:

Жедел сұрау – дәріс және семинар сабақтары барысында теориялық білімді ағымдағы меңгеру деңгейін тексеру мақсатында өткізіледі;

Өзіндік жұмыстар – кейстерді талдауды, бейімделген оқу бағдарламаларын әзірлеуді және заманауи сурдотехнологияларды қолдануды қамтитын жеке тапсырмаларды орындауды көздейді;

Практикалық тапсырмалар – оқу материалдарын әзірлеу, бағдарламаларды бейімдеу және білім беру маршруттарын жобалау бойынша топтық және жеке жаттығуларды орындау;

Тренингтер мен пікірталастар – кәсіби өзара әрекеттестікті дамытуға, нақты педагогикалық жағдаяттарды талқылауға және тиімді шешімдерді іздеуге бағытталады;

Қорытынды бақылау жұмысы – оқытудың қорытынды кезеңі болып табылады және тестілеуді, жағдаяттық тапсырмаларды талдауды, сондай-ақ әзірленген бағдарламаларды қорғауды қамтиды.

Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған барлық тапсырмалар, тест сұрақтары, сауалнама парақтары мен әдістемелік ұсынымдар курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін курстың әрбір тақырыбы бойынша бақылау тапсырмалары әзірленеді. Кері байланыс нәтижелеріне сәйкес бағдарлама мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша әдістемелік материалдар, құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, бейнематериалдар және дидактикалық құралдар іріктеледі.

Қорытынды бақылау жұмысы төмендегі критерийлер бойынша бағаланады:

Орындалмаған – дұрыс жауаптар ұсынылмаған немесе дұрыс жауаптардың үлесі 30%-дан аз;

Ішінара орындалған – дұрыс жауаптардың үлесі 50%-дан аз;

Орташа деңгейден жоғары орындалған – дұрыс жауаптардың үлесі 50%-дан 70%-ға дейін;

Толық орындалған – дұрыс жауаптардың үлесі 70%-дан 100%-ға дейін.

Курсты сәтті аяқтап, сертификат алу үшін қорытынды бақылау жұмысы бойынша кемінде 70% дұрыс жауап жинау қажет.

Қорытынды бағалау нәтижелері бағдарламаны одан әрі жетілдіру, қосымша тақырыптарды енгізу, әдістемелік ұсынымдарды жетілдіру және тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу үдерісін түзету мақсатында пайдаланылады.

9. Курстан кейінгі қолдау

19. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау игерілген білім мен дағдыларын қолдап, дамытуына, оларды білім беру қызметінде практикалық тұрғыдан қолдануына, сондай-ақ әрі қарай кәсіби жетілуіне көмектесуге бағытталған.

Курстан кейінгі қолдаудың формаларына мыналар жатады:

Жеке және топтық консультациялар – тыңдаушылардың практикалық қызметі барысында туындайтын күрделі мәселелерді түсіндіру мақсатында күндізгі және қашықтан (оның ішінде бейнеконференция режимінде) форматта өткізіледі;

Әдістемелік және нормативтік-құқықтық сүйемелдеу – тыңдаушыларға әрі қарай зерделеу және кәсіби қызметінде пайдалану үшін өзекті нормативтік құжаттарды, әдістемелік ұсынымдарды, оқу құралдары мен бейнематериалдарды ұсыну;

Әдістемелік тақырыптық семинарлар мен вебинарлар – тифлопедагог қызметінің жекелеген аспектілерін тереңдетіп меңгеруге, тәжірибе алмасуға және үздік тәжірибелерді талдауға бағытталған мамандандырылған оқыту іс-шараларын өткізу;

Дөңгелек үстелдер мен кәсіби пікірталастар – арнайы білім беру, тифлопедагогика саласындағы мамандардың, білім беру ұйымдарының өкілдері мен ғылыми қауымдастық мүшелерінің өзекті мәселелер мен инновациялық шешімдерді талқылайтын кездесулерін ұйымдастыру.

Курстан кейінгі қолдау аясында тұрақты консультациялық онлайн-сессиялар ұйымдастырылады. Бұл сессияларда тыңдаушылар көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуда заманауи технологиялар мен әдістерді қолдануға қатысты мәселелерді талқылап, сарапшылардан кері байланыс ала алады және өз тәжірибелерімен бөліседі.

Курстан кейінгі қолдау тиімділігін арттыру мақсатында тыңдаушыларға цифрлық платформаларды, әдістемелік материалдар қорын және педагогтердің кәсіби қауымдастығының форумдарын қамтитын электрондық білім беру ресурстарына қолжетімділік беріледі.

Курстан кейінгі қолдау барысында педагогтердің кәсіби өсуіне мониторинг жүргізіледі, қосымша оқытуға деген қажеттіліктер айқындалады және біліктілікті одан әрі арттыру бойынша ұсынымдар әзірленеді.

10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (01.09.2024 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен бірге).
2. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша.
4. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 Бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы.
5. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (03.07.2023 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен бірге)
6. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.
7. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.
8. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.
9. Бастауыш білім беру деңгейінің инварианттық компоненті бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған үлгілік оқу

бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 ақпандағы №51 бұйрығы.

10. «Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-306/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21849 болып тіркелді.

11. «Кохлеарлық имплантация» клиникалық хаттамасы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі бірлескен комиссиясы 2019 жылғы 31 қазанда мақұлдаған, №76 хаттама.

12. Беляева О.Л. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук «Организационно-педагогические условия формирования коммуникативной компетентности слабослышащих детей в процессе интегрированного обучения в общеобразовательной школе I ступени». Красноярск, 2010. 224 с.

13. Беляева О.Л. К вопросу об инклюзивном и интегрированном образовании младших школьников с нарушенным слухом // Вестник КГПУ им. В. П. Астафьева. №3 (29). 2014. С. 124-126.

14. Беляева О.Л. Коррекционно-педагогическая помощь детям после кохлеарной имплантации в условиях интегрированного обучения в общеобразовательной школе. Материалы международной научно-практической конференции «Специальное образование: пути развития за 20 лет независимости» (11-12 октября 2012 г.). Алматы: «Центр САТР». 2012. 420 с.

15. Беляева О.Л. Психолого-педагогические рекомендации по выбору варианта интегрированного обучения слабослышащего ребенка в общеобразовательной школе. Сибирский педагогический журнал. Новосибирск. 2009. № 8. 360 с. С. 232-238.

16. Беляева О.Л. Совершенствование фонематического восприятия у младших школьников с кохлеарным имплантом. Практический психолог и логопед в школе и ДОО: научно- методический журнал / ред. Т.П. Мищенко. 2012. № 4. С. 4-10.

17. Беляева О.Л., Гох А.Ф., Лёвина Е.Ю., Мамаева А.В., Мозя-кова Е.Ю., Реди Е.В. Образование лиц с ограниченными возможностями здоровья: проблемы и решения современности: методические рекомендации для начинающих специалистов; отв. ред. Е.А. Черенёва. Краснояр. гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева. Красноярск, 2015. 172 с.

18. Беляева О.Л., Карпова Г.А. Современная сурдопедагогика: из прошлого в настоящее: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. Красноярск, 2015. 308 с.

19. Головниц Л.А. Дошкольная сурдопедагогика: Воспитание и обучение дошкольников с нарушениями слуха: учеб. пособие для студентов выс. учеб. заведений. М.: ВЛАДОС, 2001. 304 с.

20. Гончарова Е.Л. Изменение статуса ребенка в процессе кохлеарной имплантации и реабилитации – новое явление в сурдопедагогике//Дефектология. 2014. № 1. С. 14–16.
21. Зонтова О.В. Коррекционно-педагогическая помощь детям после кохлеарной имплантации: методические рекомендации. СПб.: Российский государственный педагогический университет им. А.И. Герцена, 2007.
22. Зонтова О.В. Рекомендации для родителей по развитию слухового восприятия детей с нарушенным слухом / науч. ред. проф. И.В. Королева. СПб.: Умная Маша, 2010. 200 с.
23. Королева И.В. Кохлеарная имплантация и дети. Всё самое важное для родителей. СПб.: Умная Маша, 2010. 208 с.
24. Королева И.В. Дневник занятий с ребенком: шкала оценки взаимодействия родителей с ребенком. Русскоязычная версия материалов Дневника LitlEARS.
25. Королева И.В. Учусь слушать и говорить: методические рекомендации по развитию слухоречевого восприятия и устной речи у детей после кохлеарной имплантации на основе слухового метода. СПб.: КАРО, 2014. 304 с.: илл. (Учебно-методический комплект «Учусь слушать и говорить»).
26. Кукушкина О.И. Динамическая классификация детей с кохлеарными имплантами – новый инструмент сурдопедагога // Дефектология. 2014. № 2. С. 29-35.
27. Леонгард Э.И., Самсонова Е.Г., Иванова Е.А. Я не хочу молчать! Опыт работы по обучению детей с нарушениями слуха по методу Леонгард. Изд. 3-е / Леонгард Э.И., Самсонова Е.Г., Иванова Е.А. М.: Теревинф, 2009. 144 с.
28. Леонгард Э.И., Самсонова Е.Г., Иванова Е.А. Нормализация условий воспитания и обучения детей с ограниченными возможностями в условиях инклюзивного образования: методическое пособие. Что важно знать родителям, воспитателям и учителям при обучении и воспитании детей с нарушением слуха. М.: МГППУ. 2011. 278 с.
29. Микшина Е.П., Валькова И.А. Особенности психического развития детей младенческого и раннего возраста с нарушением слуха. СПб.: ООО «Арт бук». 2011. 48 с.
30. Носкова Л.П., Головниц Л.А. Коррекционная педагогика: учеб, пособие для студ. высш. учеб, заведений. М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2004. 344 с.
31. Практическое пособие для педагогов и родителей: Слушай, учись и говори! ООО «Исток Аудио», официальный дистрибьютор компании Cochlear. 82 с.
32. Психолого-педагогическая помощь после кохлеарной имплантации. Реализация новых возможностей ребенка: монография. М.: Полиграф-сервис, 2014. 192.
33. Пфафенродт А.Н., Власова Т.М. Фонетическая ритмика в школе и детском саду. М., 1997.

34. Сатаева А.И. Показатели завершения «запускающего» этапа реабилитации применительно к разным группам детей с кохлеарными имплантами // Дефектология. 2014. №3. С. 21-29.

35. Сатаева А.И. Первоначальный период работы с глухими дошкольниками после кохлеарной имплантации // Дефектология. 2012. №2. С. 50-62.

36. Создание специальных условий для детей с нарушениями слуха в общеобразовательных учреждениях: методические рекомендации. М.: МГППУ. 2012. 56 с.

37. Таварткиладзе Г.А. Кохлеарная имплантация. М.: Святигор Пресс, 2004. 74 с.

38. Уфимцева Л.П., Беляева О.Л. Формирование коммуникативной компетентности слабослышащих детей в процессе интегрированного обучения в общеобразовательной школе: учебно-методическое пособие. Краснояр. гос. пед. ун-т им. П. Астафьева. Красноярск, 2012. 148 с.

39. Учите детей петь: Песни и упражнения для развития голоса у детей 3—5 лет / Сост. Т.М. Орлова, С.И. Белкина. М.: Просвещение, 1986.

40. Шматко Н.Д. Организация воспитания и обучения детей с ограниченными возможностями здоровья в группах комбинированной направленности // Дефектология. 2010. № 5. 52-59.

41. Шматко Н.Д. Инновационные формы воспитания и обучения детей с нарушенным слухом // Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. 2009. № 6. С. 16-25.

42. Яхнина Е.З. Методика музыкально-ритмических занятий с детьми, имеющими нарушения слуха: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. М.: ВЛАДОС, 2003.

43. Янн П.А., Королева И.В. Дети с нарушением слуха. Книга для родителей и педагогов. СПб.: Каро, 2011. 240 с.